

5B010200-БАСТАУЫШТА ОҚЫТУ ПЕДАГОГИКАСЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

1 5B010200 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттері

Білім беру бағдарламасының мақсаты - әлеуметтік және азаматтық жауапкершілікке ие, төмендегі бағыттар бойынша кәсіби қызметті жүзеге асыруға қабілетті жоғары білікті бастауыш білім беру педагогын даярлау:

- педагогикалық үдерісті жобалау және ұйымдастыру;
- бастауыш сынып оқушыларының субъективті іс-әрекетін ұйымдастыру;
- бастауыш сынып оқушыларының тұлғасын қалыптастыру және дамыту үдерісін басқару;
- бастауыш сынып оқушыларының жалпы мәдениетін қалыптастыру бағыттары бойынша қамтамасыз ету және құзыретті бакалавр дайындаудың құқықтық-нормативті негіздерін анықтау.

Білім беру бағдарламасының міндеті - болашақ бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі бакалаврында жалпымәдени, кәсіби және пәндік құзыреттіліктерді қалыптастыруға арналған тәрбиелеу үдерісі мен ұйымдасқан оқу қызметін басқарудың білім мазмұнын, формаларын, құралдарын, әдістерін анықтау.

5B010200 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша түлекте білім беру бағдарламасын меңгеру нәтижесінде қалыптасатын құзыреттіліктер

Білім беру бағдарламасы мақсат-міндеттерін жүзеге асыруға қол жеткізу келесі құзыреттіліктерді қалыптастыруды мүмкін етеді:

- *жалпымәдени;*
- *кәсіби;*
- *пәндік.*

Жалпымәдени құзыреттілік түлек үшін төмендегідей сипаттарға ие:

2.1.1 өзінің тұлғалық даму мақсаттарын қалыптастыруға және шынайы бағалауға қабілетті, сондай-ақ, оқушылардың зияткерлік даму деңгейін арттыру дағдыларын игерген;

2.1.2 риторика, әлемдік классикалық әдебиет пен көркемөнер негіздері жайындағы білімдерін кәсіби қызметінде қолдануға қабілетті;

2.1.3 адамгершілік нормасы мен өнегелі мінез-құлық негіздерін *меңгерген;*

2.1.4 әлеуметтік, гуманитарлық және экономикалық ғылымдардың негізгі әдістері мен ережелерін әлеуметтік және кәсіби міндеттерді шешуде *қолдануға дайын;*

2.1.5 ана тілінде өз ойын жүйелі түрде және сауатты *жеткізетін*, қазақ (орыс) және шет тілінде көпшілік алдында сөйлеуде және ғылыми мәтінмен жұмыс істеуде қажетті ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын *игерген;*

- 2.1.6 шет тілінен білімін қарым-қатынас жасау және арнайы мәтінді түсіну үшін қолданады;
- 2.1.7 ақпараттарды қабылдау, сақтау, өңдеудің негізгі әдістерін, тәсілдерін және құралдарын қолданады, ауқымды компьютерлік желідегі компьютермен жұмыс істеу дағдылары бар;
- 2.1.8 әлеуметтік өзара әрекеттестік құруда білім беру үдерісіне қатысушылардың этно-мәдени және конфессионалдық ерекшеліктерін ескеруге қабілетті;
- 2.1.9 ғылыми зерттеуді ұйымдастыру ұстанымдарын, ғылыми білімге қол жеткізу мен құру тәсілдерін жете түсінеді;
- 2.1.10 дене тәрбиесі мен денсаулықты нығайту әдістері мен құралдарын қолдана алады және толыққанды әлеуметтік кәсіби қызметті қамтамасыз ету үшін дене мәдениетін жетілдіруге дайын;
- 2.1.11 тазалық сақтау және еңбекті қорғау талаптарына, сыртқы ортаның жағымсыз ықпалдарынан қорғану ережелеріне сай салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыруға қабілетті.

Кәсіби құзыреттілік түлек үшін төмендегідей сипаттарға ие:

- 2.2.1 оқу-тәрбие үдерісін модельдей алады және оқыту тәжірибесінде оны жүзеге асыруға дайын;
- 2.2.2 психологиялық және психофизиологиялық дамуының жалпы, арнайы (әртүрлі ауытқушылық типтері) заңдылықтары мен жеке ерекшеліктерін, әртүрлі жастағы адам әрекеті мен мінез-құлқын реттеу өзгешеліктерін есепке алу құралдарын қолдана алады;
- 2.2.3 психологиялық және педагогикалық зерттеулерде сапалық және сандық әдістерді қолдануға дайын;
- 2.2.4 әртүрлі жастағы балалардың әрекеті, қарым-қатынасы, дамуының диагностикалық әдістерін пайдалануға дайын;
- 2.2.5 білім берудің әртүрлі деңгейіндегі білім алушыларға арналған бағдарламалардан, оқыту, тәрбиелеу және дамытудың әртүрлі теорияларынан алған білімдерін қолдануға дайын;
- 2.2.6 балалардың әралуан әрекет түрлерін ұйымдастыруға дайын;
- 2.2.7 білімдік ортада субъектілердің бірлескен қызметі мен тұлғааралық өзара әрекеттестікті ұйымдастыру әдістерін меңгерген;
- 2.2.8 мәдени-ағартушылық жұмыста нормативтік құжаттар мен пәндік саладағы білімдерін қолдануға дайын;
- 2.2.9 мамандықтың жоғары әлеуметтік маңызын түсінеді, кәсіби этикалық ұстанымдарды сақтайды;
- 2.2.10 әлеуметтік-мәдени жағдаяттың даму ерекшеліктерін ескеріп, көпмәдениетті ортада кәсіби әрекетті енгізу тәсілдерін, сондай-ақ, ұлттық тәрбиенің заңдылықтары мен принциптерін меңгерген;
- 2.2.11 кәсіби міндеттерді шешуде мамандардың пәнаралық және салааралық өзара әрекеттестіктеріне қатысуға қабілетті;
- 2.2.12 кәсіби қызметінде бала құқығы мен мүгедектер құқығы туралы негізгі халықаралық және отандық құжаттарды қолдануға дайын;
- 2.2.13 кәсіби қызметінде әлеуметтік орта мен білім кеңістігіндегі тәуекелділік және қауыптіліктерді ескере отырып, денсаулық сақтау технологияларын қолдана алады.
- 2.2.14 өзгермелі еңбек нарығына бейімделуі және белсенді де жауапты азамат болып қалыптасуы үшін нәтижеге және мобильділікке бағытталған білім алуға қабілетті.

Пәндік құзыреттілік түлек үшін төмендегідей сипаттарға ие:

2.3.1 бастауыш білім беру ерекшелігін *жете түсінеді*; мектепке дейінгі, кіші мектеп жасындағы және жеткіншек жастағы балалардың білім алуында сабақтастықты жүзеге асыру құралдарын *игерген*;

2.3.2 бастауыш сынып оқушыларына ана тілін оқытуда бастауыш тілдік білімнің теориялық негіздері мен технологиясын *меңгерген*;

2.3.3 бастауыш сынып оқушыларының өзіндік оқырмандығын қалыптастыруда бастауыш әдебиеттік білімнің теориялық негіздері мен технологиясынан білімдерін *қолдана алады*;

2.3.4 бастауыш математикалық білімнің теориялық негіздері мен технологиясынан білімдерін *қолдана алады*; кіші мектеп жасындағы оқушылардың пәндік біліктері мен дағдыларын *қалыптастыруға*, бейнелі және логикалық ойлауды дамыту әдістерін *қолдануға дайын*; математикаға қызығушылығын қалыптастыру және математикалық білімдерін күнделікті өмірде қолдану тәсілдерін *игерген*;

2.3.5 бастауыш ғылыми-жаратылыстану білімінің теориялық негіздері мен технологиясынан білімдерін *қолдана алады*, қазіргі әлемдегі экологияның маңызын *түсінеді*, қоршаған ортаны қорғаудың негізгі ұстанымдарын *ұстанады* және *насихаттай алады*, кіші мектеп жасындағы оқушылардың ғылыми дүниетанымын *игерген*;

2.3.6 бастауыш сынып оқушыларының дербестігін және шығармашылығын дамытуды қамтамасыз ететін бастауыш көркемдік-эстетикалық және музыкалық білімнің теориялық негіздері мен практикалық әрекеттерін ұйымдастыру дағдыларын *қолдана алады*.

3.2 5B010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша оқу жоспары

Оқыту мерзімі: 4 жыл

Академиялық дәрежесі: 5B010200 – Бастауышта оқыту

педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша білім бакалавры

№	Модуль және пән атауы	ECTS	Семестр
ЖБМОД 1	Жалпы білім беру пәндері модулі	24	1-3
МПК 1.1	Міндетті пәндер компоненті	24	1-3
1.1.01	Тәуелсіз Қазақстан тарихы	3	1
1.1.02	Қазақ (орыс) тілі	4	1
1.1.03	Шетел тілі - В 1	4	1
1.1.04	Компьютерлік ғылымдар	4	2
1.1.05	Артбілім	3	1
1.1.06	Экономика және бизнес	3	3
1.1.07	Білім беру философиясы	3	3
КПМ 2	Кәсіби пәндер модулі	60	
МПК2.1	Міндетті пәндер компоненті	60	
2.1.01	Педагогика	5	2
2.1.02	Психология	5	2

2.1.03	Педагогикалық менеджмент	3	4
2.1.04	Педагогикалық риторика	3	3
2.1.05	Инклюзивті білім беру	3	5
2.1.06	Жас ерекшелігі физиологиясы және мектеп гигиенасы	3	1
2.1.07	Шетел тілі - B2	5	2
2.1.08	Зерттеу әдістері	3	3
2.1.09	Іс-тәжірибе - 1	6	4
2.1.10	Іс-тәжірибе - 2	9	6
2.1.11	Іс-тәжірибе - 3	15	8
АПМ 3	Арнайы пәндер модулі	144	1-8
МПК3.1	Міндетті пәндер компоненті	81	1-8
3.1.01	Математика негіздері	5	1
3.1.02	Қазақ (орыс) тілі негіздері	5	2
3.1.03	Жаратылыстану ғылымы негіздері	5	3
3.1.04	Балалар әдебиеті	5	4
3.1.05	Математиканы оқыту -1	3	5
3.1.06	Математиканы оқыту -2	3	6
3.1.07	«Сауат ашуды» оқыту	3	4
3.1.08	Бағалаудың өлшемдік технологиялары	3	4
3.1.09	Тілді оқыту -1	3	5
3.1.10	Тілді оқыту -2	3	6
3.1.11	Жаратылыстану ғылымын оқыту	5	6
3.1.12	«Әдебиеттік оқуды» оқыту	3	4
3.1.13	Дене мәдениетін оқыту	4	4
3.1.14	Еңбекке баулу технологиясы	3	4
3.1.15	Бейнелеу өнері технологиясы	3	4
3.1.16	Шағын жинақты бастауыш мектептегі педагогикалық үдеріс теориясы мен технологиясы	3	7
3.1.17	Қазіргі білім беру технологиялары	5	7
3.1.18	Кіші мектеп жасындағы оқушылардың даму психологиясы	4	3
3.1.19	Музыкалық тәрбие негіздері (практикумымен)	5	6
3.1.20	Практика -4 (мамандандыру бойынша)	5	8

3.1.21	Кәсіби-бағытталған шетел тілі	3	5
ЭПК 3.2	Элективті пәндер компоненті	63	5-8
4	Дипломдық жұмыс	12	8
	Барлығы	240	
	Оқытудың қосымша түрлері		
	Дене тәрбиесі	12	1-4
	Дінтану	3	2
	Мәңгілік Ел	3	2

3.3 Пәндік (арнайы) пәндер модулі бойынша ұсынылатын элективті пәндер

ЭПК 3.2	Элективті пәндер компоненті	ECTS
3.2.01	Вокал және хор Ритмика	5
3.2.02	Орфография практикумы Еңбекке баулу практикумы	5
3.2.03	Каллиграфия Көркемжазу практикумы	5
3.2.04	Аспаптық дайындық Іскерлік ағылшын тілі Интербелсенді оқыту құралдарын дайындау практикумы	5
3.2.05	Педагогикалық шеберлік Педагогикалық қарым-қатынас техникасы	5
3.2.06	Информатикадан практикум Ағылшын тілі практикумы Музыка практикумы	5
3.2.07	Қазақ (орыс) тілінен факультативтік сабақтарды ұйымдастыру әдістемесі Кәсіби этика	5
3.2.08	Есеп шығару практикумы Бейнелеу өнері практикумы	4
3.2.09	Ағылшын тілін оқыту Информатиканы оқыту	5

	Музыкаға оқыту	
3.2.10	Мәтінге тілдік талдау әдістемесі Оқушылардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыру	5
3.2.11	Бастауыш сыныптарға арналған дидактикалық материалдарды дайындау әдістемесі Бастауыш сыныптарға арналған мультимедиялық білім беру өнімдерін дайындау практикумы	4
3.2.12	Математикадан факультативтік сабақтарды ұйымдастыру әдістемесі Өзін-өзі тануды оқыту	5
3.2.13	Кәсіби қазақ (орыс) тілі Жаратылыстану ғылымы (лабораториялық практикум)	5